



ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН  
АРТТЫРУ – МАҢЫЗДЫ  
МІНДЕТ

2-бет



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ  
ӨЗ МІНДЕТІН ДҰРЫС  
АТҚАРМАЙДЫ

4-бет



ЖОҒАРЫ ОҚУ  
ОРЫНДАРЫНА ТИЕСІЛІ  
ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ  
АРНАЙЫ ТЕКСЕРІЛСІН

5-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№15 (989) 18.04.2022 жыл



## АРАЛАС МЕКТЕПТЕР КҮШЕЙІП, ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕТІМНІҢ КҮЙІН КЕШІП ОТЫР! – ҰСТАЗДАРДЫҢ АШЫҚ ХАТЫ

### ЖАҒДАЙЫ ТӨМЕН ХАЛЫҚТЫҢ БАЛАЛАРЫ ЖАҢА МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА БОЛМАЙ МА?

Хош, сонымен Білім және ғылым министрлігі жауабымен де таныстық, дер кезінде жауап қайтарғаны үшін рахмет айтамыз. Иә, әдеттегідей, «Өгізді де өлтірмеген, арбаны да сындырмаған» жауап екен. Ал Алматы облысы әкімдігінен әлі жауап жоқ... Ал министрлік жауабын біз арқылы білгеннен кейін (өзіне әлі жауап жетпеген) тағы да хабарласқан, қазақ мектептерінің жағдайы үшін қайрат көрсетіп, жүгіріп жүрген ұстаз Сәния Нүсіпәлінің жазуынша, Талғардағы Т. Рысқұлов атындағы №9 мектептің жағдайы өте нашар. – Осы мәселені көтергенімізге жарты жыл болды. Талғар ауданының жоғары тау баурайына салынған, ең соңғы технологиямен жабдықталған мектепті қазақ мектебіне бермей отыр. Біздің оқушыларымыздың құқығын кім қорғайды?



6  
бет

## ТЕҢІЗ бен СЫРДЫҢ СЫРБАЗ СУРЕТКЕРІ

Халықаралық «Алаш» әдеби және Қазақ ПЕН-клубы сыйлықтарының лауреаты Қуаныш Жиенбай – қазіргі қазақ прозасында өзіндік беталысы, жазу мәнері қалыптасқан әрі өнімді жазатын қаламгер.

8-9  
бет

## ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ ТОЙЫМСЫЗ ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТАРАЙДЫ

Бұғаусыз кеткен баға мен қарапайым халықты қинаған қымбатшылық туралы әңгіме қозғаудың өзі ыңғайсыз жағдайға жетті, тіпті қорқатын болдық. Жаза-жаза жауыр болған тақырыпты қайта қозғау – бітеу жараның аузын тырнағанмен бірдей, жұрттың ашу-ызасын одан бетер өршітеді. Жазбайын десек, еліміз егемендік алып нарықтық экономикалық қатынасқа көшкелі көріп келе жатқанымыз – азық-түлік және де өзге де тауарлардың тұрақты түрде қымбаттауы, ол тіпті әдеттегі көрініске айналды.

3  
бет

## НИШ: ШКОЛА ДОЛЖНА ПОМОЧЬ УЧЕНИКУ НАЙТИ СВОЕ МЕСТО

Любая реформа должна быть не только продумана, обоснована, но и должны просчитаны ее результаты экспертами соответствующих ведомств в перспективе, а также ее влияние на другие сферы. В области образования анализ нововведений актуален и важен, потому что от их результатов зависит не только судьба школьников и студентов, но в целом экономическое развитие страны, не говоря о системе образования.



10  
бет



## МЕН ОНЫ ҚАЖЫМУҚАНҒА БАЛАЙТЫНМЫН...

Жыландай ирелеңдеген бұралаңды өмір жолында талай жанды жаңымырамын тұттым. Бұл күнде солардың дені менен сырт айналды. Осы өмірімде адал сүт емгендерді сирек көрдім. Сол сиректің бірі – Алмас інім еді...

15  
бет

## ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Президентке халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берді.



Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа жалақыны көтеру ісінің 1 миллионнан астам бюджеттік сала қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектордың өндірістік персоналын қамтитынын хабарлады. Сондай-ақ кәсіпкерлікке міндеттемелер белгілеу арқылы мемлекеттен көмек алатын ірі бизнестегі 2,8 миллион қызметкердің еңбек табысын арттыру қарастырылғанын жеткізді. Мемлекет басшысына кәсіпкерлік қызметтің табысын арттыруға, сондай-ақ фармацевтика, биотехно-

логия, IT-технология және мұнай-химия бағытындағы жаңа өндірістер сияқты экономиканың түрлі салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға қатысты Үкіметтің жоспары баяндалды.

Сонымен қатар Премьер-Министрдің орынбасарының айтуынша, халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын қолдау шаралары қарастырылған. Мысалы, «Бақытты отбасы» жобасы аясында көп балалы

және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 20 мың әйел жұмыспен қамтылады. Жастарды жұмысқа орналастыру үшін «Жастар тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары жүзеге асырылып, 400 айлық есептік көрсеткішке дейін гранттар беріледі.

Кездесу соңында Президент халықтың табысын арттырудың айрықша маңызды екенін атап өтіп, Үкіметке бұл мәселені ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

## БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ

БАҚ туралы қолданыстағы заң қазіргі заманның талабына иәсе алмай жатыр. Бұл туралы Сенаттың жалпы отырысынан кейін депутат Мұхтар Құл-Мұхаммед ҚазАқпарат тілшісіне айтты.

«Ақпаратқа қолжетімділік мәселесін дұрыс көтеріп отырсыздар. Осы орайда тілшілер қойып отырған сұраққа жауапты Президенттің Жолдауынан табуға болады. Ол қазіргі Қазақстанда жарияланған төрт үлкен пакет - саяси реформалардың ішінде болашақта «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға да

өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген. Тілшілердің мәселені дұрыс көтеріп отырғанының тағы бір ерекшелігі – қолданыстағы заң қазіргі заманның талабына иәсе алмай жатыр», – деді М. Құл-Мұхаммед.

Осы орайда сенатор ақпараттың жедел таралуы өте маңызды екенін айтты. «Қазір таңертең болды деген оқиға түсте ескіріп қалады. Сондықтан журналистердің жедел түрде ақпарат алуын жетілдіру үшін «БАҚ туралы» Заңға өзгерістер енгізіп, лауазымды тұлғалардың олардың сұрақтарына жауап беруін тездету мәселесінің көзделуі заң нормаларымен реттелуі керек.

Біз соған келе жатырмыз және ол алдағы уақытта БАҚ туралы заңға түсетін өзгерістерде қарастырылады деп санаймын», – деді депутат.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау керектігін айтқан болатын. «Одан арғы демократиялық өзгерістер тәуелсіз және жауапты бұқаралық ақпарат құралдарынсыз мүмкін емес деп санаймын. Сондықтан мемлекеттің мүддесі мен қоғамның сұраныстарын және медиа саланың даму тенденцияларын ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау қажет», – деген-ді Президент.

## СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ БІР МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН БЕРІЛЕДІ

Биыл Алматы қаласында 9 мамыр – Жеңіс күні тойланады. Бұл туралы қала басшысы Ерболат Досаев Бостандық ауданы тұрғындарымен кездесу барысында айтты.

«Отан үшін от кешкен ардагерлеріміз қашан да құрметке лайық. Ұлы жеңіс мерекесі қарсаңында карт майдангерлерге ерекше көңіл бөріледі. Әкімдік тарапынан қолдау мен қолдау беріледі. Соңғы ардагерлеріне бір млн. теңгеден беріледі. Сондай-ақ осы санатқа теңестірілген азаматтар мен тыл еңбеккерлеріне де материалдық көмек көрсетіледі», – деді Алматы әкімі.

Ерболат Досаевтың айтуынша, Жеңіс күні 28 Панфиловшылар паркінде орналасқан «Мәңгілік алауға» гүл шоғын қою мен қан майданда қаза болған құрбандарды еске алу шарасы өтеді. Айта кетейік, биыл Нұр-Сұлтан қаласында Жеңіс күніне арналған әскери парад болмайды.



## АҚЫЛЫ КӨЛІКТҰРАҚ БАСШЫСЫ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

«Alan Parking» ЖШС -нің директоры Мұхтар Базарбаев екі айға қамауға алынды. Бұл туралы Алматы сотының баспасөз қызметі мәлім етті.

«Соттың тиісті қаулысымен тергеу органының өтіші қанағаттандырылды. Күдіктіге 2 ай мерзіміне қамауда ұстау бұлтартпау шарасы санкцияланды», – деп хабарлады Алматы сотының баспасөз қызметі.

Айта кетейік, 2016 жылы Алматыда автоматтандырылған ақылы көлік қоятын тұрақ жүйесі іске қосылған болатын. Аталған қызметтің екі түрі бар. Көлікті көше бойына қою және олар алаңдары. Барлығы бір операторға тиесілі. Ол – Alan Parking ЖШС. Оған 12 мың тұрақ қарайды.

Бұл көліктұрақтардың пайда болуына қала тұрғындары өз наразылықтар білдіргеннен аламатылықтардың арызы айдалаға айтылғанмен бірдей болды. «Бұл ешқандай қызмет көрсетпей жәше бойынан ақша жинау» деп шулаған жұрттың жанайқайын ешкім құлағына қыстырған жоқ. Қала билігі кәсіпкерді қолдап, мәслихат оны заңды түрде бекітіп берген болатын. Енді оның басшысы қамауға алынғанмен ақылы көліктұрақтан алматылықтар құтыла алар ма екен?..

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ

Сенат «Кибербуллинг туралы» заңды қабылдамай тастады. Қолданыстағы әлеуметтік желілер мен мессенджерлер жұмысын шектеп, бұғаттамау жөнінде сенаторлар. Сөйтіп заң жобасына төрт түрлі өзгеріс енгізіп Мәжіліске қайта жіберді.

«Әлеуметтік желіде, бұқаралық коммуникация құралында жәбірлеу фактілерін тек министрлердің қызметкерлері емес, сарапшы тобы айқындайды. Оның құрамына лингвистер, психологтар, заңгерлер кіреді. Ең бірінші біз кибербуллинг фактісін анықтаған кезде қателесуге жол бермеуіміз керек» – деді сенатор Бейбіт Исабаев.

Сонымен қатар құжатқа «буллинг», яғни баланы жәбірлеу түсінігін енгізу ұсынылды. Бұл

шара кәметке толмағандар арасында кемсіту, қысым көрсету, зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектеседі. Жаңа заң нормасы психикалық, физикалық күш көрсетуден қорғайды. Нақты қандай фактілер кибербуллингке жататынын арнайы құрылған сарапшылар тобы анықтауға тиіс. Депутаттар әлеуметтік желіде азаматтың құқы тапталған материал 24 сағатта өшірілуін де талап етіп отыр. Әзірге ондай келісім TikTok, Facebook және Instagram-мен ғана бар. Жаңа заң жобасы жаңа оқу жылына дейін қолданысқа енгізілуі мүмкін. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыровтың айтуынша Заң күшіне енген соң, алты айға дейін уақыт беріледі. Егер Қазақстан заңын бұзбаса, бірде-бір әлеуметтік желі бұғатталмайды.

## ҚАЗАҚСТАННАН ҚАНША ҚАРЖЫ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРЫЛҒАН?

Ұлттық экономика министрінің есебі бойынша Қазақстаннан шамамен 100 миллиард долларға жуық қаржы заңсыз шығарылған. Әлібек Қуантыров соңғы 30 жылда офшорға қанша ақша шығарылғанын нақты білмегенімен, елге тартылған 400 миллиард доллар инвестицияның ондаған миллиарды шетелге кеткеніне сенімді.

Ал «Такс Джутис Нетуорк» халықаралық ұйымының зерттеуінде Қазақстаннан шетелге шығарылған ақша 140-160 миллиард долларды құрайды делінген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке екі ай мерзім беріп, сырттағы капиталдың нақты көлемін анықтауды шегелеп тапсырған болатын. Президенттің берген уақыты аяқталды. Ұлттық экономика министрлігі офшордағы соманы әлі де нақты білмейді. Қуантыров қыруар қаржыны қайтарудың тетігін ойластырып



жүрген көрінеді. Шенеунік арнайы комиссиямен бірлесіп, салықтың және салықтық емес ынталандыру шарасына да көңіл бөлмек. «Біз қазір салықтық шаралармен белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Бұл мәселеге екі жақты тұрғыдан жұмыс атқарып жатырмыз. Бір жағынан, қаржының бұдан кейін де шығып кетуіне жол бермеу керек. Мысалы, салық шараларының бірі – инвесторлар төлемеген дивиденд жеңілдікті алып тастаймыз. Сәйкесінше олар бас компанияға ала алады немесе сол жерден кейбір қызметтерді сатып ала алады» – дейді министр.

## ЕЛОРДАДА ЕКІ КӨПІР САЛЫНАДЫ

Елордада көлік кептелісі мәселесін шешу үшін екі көпір салу жоспарланып отыр. Бұл туралы қалалық көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Жансұлтан Сапарбаев мәлім етті.

«Қалада көлік кептелісі әлі де өзекті. Әсіресе, Мәңгілік ел даңғылы бойында, атап айтқанда Министрліктер үйі мен Ұлттық банк аралығында. Бұрын кептелісте жарты сағаттап тұрсақ, қазір 1,5 сағатқа дейін созылады. Мәңгілік ел даңғылымен қатар орналасқан Ә.Бөкейханов көшесінде де жағдай мәз емес, жөндеу керек. Осы мәселелер қалай шешілетін?» – деп қалалық мәслихаттың депутаты Нұрдәулет Оразханов сауал жолдады.

«Жалпы сол жағалаудағы кептеліс мәселесін шешу үшін қосымша екі көпір салу жоспарланады. Алғашқысы – Тәуелсіздік, екінші көпір – Ұлы дала даңғылында. Бүгінде Тәуелсіздік даңғылындағы көпір құрылысының монтаждау



жұмысы басталды. Республикалық бюджеттен қаржы күтіп отырмыз. Көпір құрылысы үшін 7 млрд. теңгеге жуық қаражат керек. Ұлы дала бойында салынатын көпір бойынша мердігер компания анықталды. Ол жерде жұмыс бүгін басталады. Көпірді қала күніне орай қолданысқа беруге тырысамыз. 2 көпір іске қосылғаннан кейін Мәңгілік ел, Тұран, Қабанбай батыр даңғылдарының бойындағы кептеліс реттелуі тиіс», – деді Ж. Сапарбаев. Оған бөлек, басқарма басшысының айтуынша, Бұқар жырау көшесіндегі былтыр басталған көпір биыл пайдалануға берілмек.

**Бұғаусыз кеткен баға мен қарапайым халықты қинаған қымбатшылық туралы әңгіме қозғаудың өзі ыңғайсыз жағдайға жетті, тіпті қорқатын болды. Жаза-жаза жауыр болған тақырыпты қайта қозғау – бітеу жараның аузын тырнағанмен бірдей, жұрттың ашу-ызасын одан бетер өршітеді. Жазбайын десек, еліміз егемендік алып нарықтық экономикалық жатқанымыз – азық-түлік және де өзге де тауарлардың тұрақты түрде қымбаттауы, ол тіпті әдеттегі көрініске айналды. Бағаны бұғаулаймыз деген биліктің әрекетінен ештеңе шыққан емес. Өйткені оған деген шынайы ниет жоқ...**

# ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ ТОЙЫМСЫЗ ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТАРАЙДЫ

Қарапайым халықтың, еліміздегі тұрғындардың тарапынан әсіресе азық-түліктің қымбаттауына байланысты соңғы кезде айтылып жатқан арыздан аяқ алып жүре алмайсыз. Ол да негізсіз емес, тапқан-таянғаны жанақайға баспағанда не істейді?! Ресми орындардың еліміздегі әрбір адамға шаққандағы жалақы мөлшері орта есеппен алғанда 230 мың теңгеден асты деген құрғақ мәліметі ешкімнің қарнын тойдыра алмасы белгілі. Бұл көрсеткіштің қайдан келгенін кім білсін, көпшіліктің алатыны жүз мың теңгенің ар жақ-бері жағы. Мынандай қымбатшылық кезеңде жүз мың теңгемен отбасын асырау мүмкін емес. Өйткені киім-кешек сатып алмақ түгіл, азық-түліктен бөлек, коммуналдық қызметтер үшін де ақша төлеу қажет. Оны төлемесең сусыз, жарықсыз, жылулыз қаласы. Әсіресе зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар мен өзге де әлеуметтік жағынан нашар қорғалған тұрғындарымыз қиындық көріп отыр.

Бағаның әлсін-әлсін көтерілуіне байланысты биліктегілердің алға тартар уәждері де жеткілікті. Бір білгір экономистердің айтуынша, доллар бағамы көтерілсе, кенеттен коронавирус сияқты індет келе қалса, Африкада соғыс бола қалса біздегі бағаның «жынына» тиіп, шабынан түртеді екен. Содан шамданған баға «арқасы көтеріліп» аспанға шапшын көрінеді. Жер жүзіндегі бір-бірімен жөпсіз байланған елдерге әлемдегі геосаяси жағдайдың белгілі бір деңгейде қай-қайсысына болсын әсер етері сөзсіз. Бірақ барлық кінәні сыртқа сілтеп, өзіміздің ішкі жағдайымызға көз жүгіртпеу, қолда бар мүмкіндіктерімізді саралап, кемшіліктерді түзетіп, халықтың тұрмысын жақсартудың жолын іздемеу – шарасыздық, біліксіздік, жауапсыздық.

Екі жыл бойы бүкіл әлемді үрейде ұстаған пандемияға қарағанда, кейбір сарапшылардың айтуынша соңғы қаңтар қасіреті мен Украинадағы соғыс, Ресейге салынған санкциялар біздің елімізге қатты әсер еткен секілді. Кеше ғана өткен наурыз айындағы деректерге сүйенсек еліміздегі инфляция деңгейі 12 пайызға көтерілгендігі айтылды. Дауыл тұрмай жатып ұшатын

доллар 510 теңгелік деңгейден бір-ақ көрінді. Өйтіп-бүйтіп, доллар бағамын сәл төмендеткен болдық. Бірақ нарықта көтерілген баға сол күйінде қалды. Соған қарағанда бұғаусыз кеткен біздегі бағаға ешкімнің әмірі жүрмейтін сияқты. Отандық өндірісіміз тұралап жатқанда сырттан келер тауарлардың бағасының көтерілуіне ешкім таңғала қоймайды бүгінгі күні. Оны айтасыз, өзімізде өндірілетін тауарлар да шетелдіктерден қалыспай қымбаттап шыға келді емес пе.

«Қазақстан Тұтынушылар лигасы» ассоциациясының жетекшісі Светлана Романовскаяның айтуынша соңғы кезде елімізде азық-түліктің көптеген түрлерінің бағасы 30-40 пайызға көтерілген. «Қазақстандық және Ресей өнімдері мен тіпті дәрі-дәрмек бағалары да шарықтап кетті. Бізде

әкімдіктерге жүктеліп келгені белгілі. Бірақ бұл әдіс ешқашан нақты нәтиже берген емес. «Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар?» демекші, аталмыш органдар бір-біріне сілтеп, бәрі жауапкершіліктен қашумен болды. Сол себепті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елде өндірушіден тұтынушыға дейінгі тізбек бойынша азық-түлік өнімдерінің бағасын бірыңғай бақылау бойынша негізгі жауапты мемлекеттік органдар айқындап бекітуді Үкіметке тапсырып болатын. Сөйтіп бұл міндет Сауда және интеграция министрлігіне жүктелді. Бірақ бұл министрлік те бірденені жетістірді деп айта алмаймыз. Соңғы кезде орын алған жаппай қымбаттаушылыққа байланысты «Сүт өнімдерінің 60 пайызы – ішіндегі шикізат бағасы. Ол да

ертең тағы жұмыртқалайды» дегенге ұқсайды. Ал сол тауығы қырсыққанда ертең жұмыртқаламай қойса ше?..

Шындап келгенде біздің Үкімет бағаның өсу себебімен емес, оның салдарымен ғана күресіп жатыр. Тіпті күресіп жатыр деуге де ауыз бармайды. Сауда орындарындағы заңбұзушылықтарды анықтап, әкімдік жаза қолданғаннан бағаның түскенін отыз жылда көрмеппіз. «Баға неге қымбаттап жатыр, оның себебі неде?» деген сұрақ ояларына кіріп те шықпайтын секілді.

Оның себептерін анықтау үшін ғылым докторы болудың да қажеті жоқ. Бұл туралы мерзімді басылымдар (соның қатарында «Қазақ үні» де) талай рет жазған болатын.

Үкіметтегілер жылдар бойы айтылып келген ұсыныстарды ұмытып қалса соның біразын тағы да еске

шығын шығармай, өздігінен өскен дайын шөпті шауып, шаруаларға қымбатқа сатады. Малын өлтіріп алмас үшін шаруалар қымбат шөпті сатып алуға мәжбүр. Мал азығы қымбаттаған соң ет пен сүт өнімдері қымбаттамағанда қайтеді? Соңғы кезде мал жайылымдарын ауыл адамдарының өзіне қайтару жұмыстары жүргізіле бастады. Бірақ бұл шаралар өте баяу жүргілуде, есесіне ет, сүт өнімдерінің бағасы шұғыл, тоқтаусыз көтерілуде.

Тағы бір мысал, еліміздегі жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарға баратын темір жолдар да жекешелендіріліп, пысықайлардың қолына тигені белгілі. Олар жылдар бойы темір жол түйығын пайдаланғандары үшін кәсіпорындардан миллиондап қаржы алып, өндірісті шығынға батырып келген. Кәсіпкерлердің оны төлемесе шарасы жоқ, өнімдерін сыртқа шығару керек. Бұл жерде де «дайын асқа тік қасық» болған делдалдарды көруге болады. Бұрыннан жұмыс істеп тұрған темір жолды иемденіп алып, еш шығынсыз пайда тауып отырған. Бұл мәселе «Ақ жол» партиясының араласуымен оң шешімін таба бастады. Есепсіз көтерілген бағалар ондаған, жүздеген есе төмендетіліп, кәсіпорындар еркін тыныстай алатын жағдайға жетті. Енді «Ақ жол» партиясы бұл темір жол түйығын кәсіпорындардың өз меншігіне толықтай қайтару керектігін талап етуде. Дұрыс та орындар талап! Халыққа аса қажет өнімдер шығарып жатқан өндіріс орындары неге қайдағы бір ортаға жөнсіз киліккен делдалдар үшін жұмыс істеуге тиісті? Кәсіпорынның осы орынсыз шығыны өнімінің бағасын өсіретіні, сөйтіп мыңдаған қарапайым тұтынушылардың қалтасын қағатыны белгілі.

Жоғарыда келтірілген ауыл шаруашылығы мен қаладағы кәсіпорын жағдайына байланысты келтірілген екі ғана мысалдан елімізді жемқорлықтың жайлап алғанын анық көруге болады. Өйткені ортаға килігіп, оңай ақша табатын делдал мекемелер өздігінен пайда болмайды. Ол үшін сала басшыларының рұқсаты қажет. Жаңадан құрылған мекеменің экономикалық тиімділігі туралы қандай да бір негіз болуға тиісті. Ондай негізді көріп отырған жоқпыз. Керісінше шаруашылық пен өндіріс зиянын ғана тигізіп, бағаның өсуіне әсер еткені анық. Оған неге жол берілген? Демек түрлі саланы басқарып отырған министрліктегілердің бұл іске тікелей қатысы бар. Осындай делдал мекемелердің қызметі арқылы пайда көріп, оларды қолдап отырғандар кімдер? Оларға неге қатаң шара қолданылмайды? Біздегі тәжірибеге қарасақ сала немесе аймақ жұмысын ақсатқан, жемқорлықпен айналысқан басшыларды қызметінен босатып жатқанын көреміз. Одан не пайда, қызметінен қуылған жаңағы біліксіз басшы тағы бір жылы орынға жайғасып ала қояды. Жемқорлықпен ұзақ мерзімге сотталғандардың өзі екі-үш жыл өтпей бостандыққа шығып кетеді. Халықты қинап жатқан қымбатшылыққа жол ашатын жемқорлықпен күрес ресми түрде жарияланғанмен нақты нәтиже беріп жатқан жоқ. Экономикалық қылмысқа қарсы қолданатын біздегі заңдар тым әлсіз. Содан пайдаланған жемқорлар жалғанды жалпағынан басып жүр. Осы бағыттағы заңдарды қайта қарап, барынша қатайту қажет. Бәлкім сол кезде экономикалық қылмыстар азайып, халық қымбатшылық құрсауынан босап, тұрғындарымыздың тұрмысы түзелетін болар.



өсіп бара жатыр. Өйткені жемнің бағасы, басқа да факторлары бар. Мысалы, Ресейден алып келетін қапшықтары да қымбаттап жатыр. Ол да өз әсерін көрініп отыр. Азық-түлік бағасының өсуіне өткен айдағы теңгенің тұрақсыздығы да әсер етті», - деді ведомство басшысы Бақыт Сұлтанов. Министрдің айтуынша облыс орталықтарында жүргізілген мониторинг нәтижесінде шағын дүкендердің 85 пайызы бағаны негізсіз көтергені анықталған. Енді мұндай тексеру аудандарға дейін жүргізілмекші екен. Тексерулер жүргізілді делік, содан баға төмен түсті ме? Жоқ. Олай болса, ондай тексерулерден не пайда? «Егер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын алсақ, 1 миллион тоннаға жуық қор бар. Ол өндірушілердің қоймасында, сауда орындарында, жеткізушілердің қоймасында. Осыдан үш ай бұрын 2 миллион тонна болған. Бұл енді үш айдан кейін миллион тонна таусылып, біз дымсыз қаламыз деген сөз емес. Қор толығып отырады. Мысалы, тура бір айдан кейін ерте пісетін көкөністер түсуге тиіс» - деді министр Сұлтанов жұртты тыныстандырып сұндай болып. Біріншіден, тұрақтандыру қоры үшін де мемлекеттің яғни халықтың қаржысы жұмсалады. Қордағы әлеуметтік маңызға ие азық-түлік дер кезінде, өз мақсатында, толық көлемде тұрғындарға жеткізіліп жатыр ма? Ол жағы да белгісіз. Екіншіден, «көктем келіп, аузымыз көкке тисе өзегіміз талмайды» демекші болған министрдің бұл сөзі де «тауығымыз аман болса

салайық. Алдымен отандық өндірісті өркендету, әртараптандыру керек. Яғни көптеген тауар түрлерін өзіміз өндірсек шетелдік тауарға, оны сатып алатын долларға тәуелсіз боламыз. Тіршілікті қарапайымды осымы. Бұл туралы мемлекеттік бағдарламалар да бар. Өкінішке орай, ол да іске аспай жатыр. Өйткені бізде әділ бәсеке жоқ. Жұдырығы жуан, тамыр-танысы, туысы мықты «бизнесмендер» білектің күшімен өзгелерді тұртүрлі саланы жекелеген адамдар жекешелендіріп алған, өзгелерді маңайлатпайды. Бәсекелестері болмағандықтан өндірілген тауар құны да түспейді, бағаны қалағандарына көтереді. Тауардың өзіндік құны деген халықаралық ереже біздің елімізде атымен жоқ. Бұл заңдылық бойынша тауарды өндіруге кететін материалдық шығын мен жұмысшыға төленетін жалақы, салықтық төлемдердің дұрыстығын тексеріп жатқан ешкім жоқ. Есесіне өздеріне пайда әкелетін қосымша құн ережесі нәтижелі іске асуда. Айталық ет, сүт өнімдерінің қымбаттағанына жем-шөптің қығасын көтерілуі тікелей әсер етеді. Ол неге көтеріледі? Қазір мал атаулының бәрі жекеменшікте. Оны өсіру үшін су, жем-шөп, жайылымдар керек. Қарапайым шаруалар малын бағатын жер таба алмай отыр. Жердің бәрі жекешелендіріп, қолденең көкәтталардың қолында кеткен, көбісі пайдаланылмай бос жатыр. Тіпті шабындық жерлерді де біреулерге жалға беріп жіберген. Шабындық жерлерді алғандар артық

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ӨЗ МІНДЕТІН ДҰРЫС АТҚАРМАЙДЫ

Мәжіліс депутаты Серік Ерубәев «Ақ Жол» демпартиясы фракциясының атынан ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа депутаттық сауал жолдап, медициналық сақтандыру қорының қызметіне қатысты сын айтты. Бұл депутаттық сауалға, өңірлерде сайлаушылармен кездесу барысында айқындалған медициналық қызмет саласындағы олқылықтар себеп болды.

2015 жылдан бастап денсаулық сақтау жүйесінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, яғни ФСМС құрылды. Сол кезден бастап, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар әр еңбек ететін азаматқа және жұмыс берушіге жүктелді. Алайда, бұл сақтандыру қорының жұмысына уақыт өте келе бірқатар сұрақтар туындай бастады.

Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорындағы қаржыны салымшылардың өзі бақылай алмай, медициналық сақтандыру қорының атауындағы «сақтандыру» ұғымы толығымен профанацияға айналып отыр. Егер сақтандыру болса, әр адамның жеке сақтандыру шоты болуы қажет. Қазіргі қалыптасқан жағдайда, егер бір адам көптеген жыл бойы сақтандыру қорына



төлем жасай отырып, бірнеше ай ғана үзіліс болса, тиесілі медициналық қызметті ала алмайды. Яғни, ол төлеген қаражат өзіне жиналмай басқаға жұмсалса, бұл сақтандыру емес қосымша салық болғаны ғой.

Осы арада, Денсаулық сақтау министрінің (2017 жылғы 30 маусымдағы №478) бұйрығымен бекітілген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда аударымдарды есептеу және аудару барысында орын алып отырған проблемаларды атап өту қажет деп санаймыз. Мысалы, жеке

кәсіпкер қосымша басқа жерде жұмыс жасаса, сақтандыру қорына кәсіпкер ретінде де, жұмыскер ретінде де төлем жасайды. Ал бірнеше жерде жұмыс атқаратын азамат, әрбір жалақысынан осындай төлемдер төлеуге мәжбүр. Неліктен бұл тұлғалар жарналарды бірнеше рет төлеуі керек?

Өңірлерде дәрігерлермен кездесу барысында тағы бір таң қалдырған жағдай — Емдеу протоколы бойынша қормен белгілі дәрі-дәрмек тізімін қолдану қарастырылса, емдеуші дәрігер науқастың денсаулық

жағдайына қарай өзінше шешім қабылдауға құқығы жоқ екен. Соны қолданысқа ала отырып, сақтандыру қоры, медициналық мекемені қаржыландыруды шектеуге тырысып, ауқымды айыппұл салады. Бұл әрекеттер дәрігердің және аурухананың қызметіне едәуір кедергі келтіреді. Жергілікті жерлерде сақтандыру қорының жұмысына айтылған наразылықтарды (сын-дарды) әрі қарай айта беруге болады.

Халықаралық тәжірибеде, медициналық сақтандыру қоры нақты адамдардың ыңғайына бағытталған. Егер емдеу сапасыз болса, немесе науқастың денсаулығы мұқият қаралмаса — клиент мұндай қызметтерді төлеуден бас тартуға құқылы болуы керек. Сонымен, біздің жасаған тұжырымдамамыз — сақтандыру қоры, бүгінгі күнге өзінің бастапқы функциясын орындай алмай отыр. Осыған байланысты қаржыландыру салығына айналған медициналық сақтандыру қорының жұмысын ретке келтіріп, нағыз сақтандыру принципіне көшуі, сонымен қатар, Қор, өз кірістері мен шығындары жөнінде Парламент алдында есеп беруі тиіс деп санаймыз.

Құрметпен, «Ақ жол»  
фракция депутаттары

## МАЙНИНГ КОМПАНИЯЛАР МЕМЛЕКЕТТІК РЕСУРСТАРДЫ МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНА БЕРЕ МЕ?

«Ақ жол» фракциясы «Astana HUB» майнингтік компанияларының заңсыз алған жеңілдіктерін бюджетке қайтаруды талап етті. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р. Скляр мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне жолданған фракцияның депутаттық сауалын Дания Еспаева жариялады.

ҚР Есеп комитетінің сайтында ресми түрде хабарланғандай, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын тексеру барысында «Astana HUB» IT-технопаркінде стартаптар түрінде криптовалюталар майнингпен айналысатын жобалар анықталды. Осындай 5 компания 8,5 млрд. теңге сомасына мемлекеттік преференциялар алған. «Astana HUB» технопаркін құрудың негізгі міндеті инновациялық жобаларды тарту және дамыту болғанын еске саламыз. Технопарк қатысушыларына салық төлеуден босатуды қоса алғанда, түрлі преференциялар беріледі. «Ақ жол» партиясының депутаттары Цифрлық даму министрлігі «Astana HUB» технопаркiнiң қызметiне тиiстi бақылауды қамтамасыз етпедi деп есептейдi.

Биылғы жылдың ақпан айында Президент Қ.Ж. Тоқаев Үкіметке елдегі барлық майнингтік фермаларды анықтауды және қысқа мерзімде криптовалютаны өндіру салығын бірнеше есе арттыруды тапсырды. Президенттің тікелей тапсырмасынан бері 3 ай өтті және енді ғана «тұманды» жолмен жұмыс істеп қана қоймай, салық жеңілдіктерін пайдаланған майнингтік компаниялар да анықталуда. Осыған орай депутаттарда «Astana HUB» құрылтайшысы болып табылатын «Зерде» Ұлттық холдингінде осындай компаниялар қалай жұмыс істеп жатыр?» деген сұрақ туындайды. Есеп комитеті анықтаған миллиардтық бұзушылықтарды цифрлық даму министрлігінің баспасөзге берген түсініктемелері, атап айтқанда сотқа жүгіну және құқық бұзушыларды қандай да бір жауапкершілікке тарту тым қиын деп санайтын жауабы, яғни іс жүзінде



біреуге тыныш қана миллиардтаған бюджет қаражатын «сыйға тартуы» күдікке толы сұрақтар туындайды. Ал мемлекеттік мүдделер қайда қалды?

Қолданыстағы заңнамада аталмыш мәселе бойынша олқылық болса да, бір емес, бірден 5 компания оны қалай пайдаланды; IT-технопарк басшылығы кімге және неге сүйене отырып бұл мәселеге негін сұйды? Мысалы, Ақтауда технологиялық өнімдерді бюджет қаражатына шығаруды негізге ала отырып, сол ноутбуктерді жинап, кері бөлшектеу сияқты мысалдар бар емес пе? Тек атаулар инновациялық болып табылатын сәнді «проджекттерге» тағы қанша бюджеттік миллиард кетер екен?

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Ақ жол» депутаттық фракциясы төмендегілерді сұрайды:

1) «Astana HUB»-та жұмыс істеген майнингтік компаниялардың қызметін тексеру барысында бюджетке заңсыз алынған мемлекеттік ресурстар.

2) Мемлекет берген ресурстарды мақсатсыз пайдалануға жол берген «Зерде» Ұлттық холдингінің және IT-технопаркiнiң өзiнiң кiнәлi лауазымды тұлғаларын жауапкершiлiкке тарту.

3) «Astana Hub» қызметін реттеуде анықталған қайшылықтарды шұғыл түрде жою.

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары

## ОҚУШЫЛАРДЫ ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

Мәжіліс депутаты Максат Раманқұлов «Ақ жол» демпартиясы фракциясының атынан вице-премьер Ералы Тоғжановқа сауал жолдап, мектепке дейінгі мекемелер мен мектептердегі оқушылардың тамақтануы мәселесін көтерді. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі депутаттық сауалдың толық мәтінін ұсынады.

Жақында өткен сайлаушылармен кездесу барысында азаматтар «Ақ жол» фракциясының депутаттарына жеке меншік мектепке дейінгі мекемелерге қатысты бірқатар проблемалармен жүгінді. Атап айтқанда, биылғы жылдың басынан бастап негізгі азық-түлік бағасының нақты өсуіне қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына балаларды тамақтанудың есептік сомасын 30-45%-ға азайту және есептік 12000-15000 теңге орнына 8 000 теңге деп бекіту ұсынылды.

Мұның бәрі халықтың әлеуметтік жағдайын ескеру мақсатында деп негізделді. Сонымен қатар, әкімдіктер бюджетте субсидиялауға арналған шығыстар көзделмегенін растай отырып, әдепкі бойынша көрсетілген 30-45% айырманы кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызады. Бұл мектепке дейінгі ұйымдардың СанЕЖН бойынша тамақтану нормативтерінің талаптарын қатаң сақтаған жағдайда мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибелі әдіскерлері мен мұғалімдерінің пікірінше, баланың дамып келе жатқан ағзасы күн сайын СанЕЖН-мен есептелген және бекітілген калория мөлшерін қажет етеді, әйтпесе баланың денесі дамымайды және физикалық тұрғыдан күнделікті оқу бағдарламасын игере алмайды. Сондай-ақ, баланың аурушаң болатынын атап өтпеске де болмайды.

Биылғы жылы негізгі азық-түлік бағасының одан әрі бақылаусыз өсуі мүмкін екенін ескере отырып, қазірдің



өзінде жеке меншік ұйымдар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар жергілікті органдар бекіткен, әдейі төмендетілген сомаға балаларды толық тамақпен қамтамасыз ете алмайтынын анық. Шенеуніктердің білімсіздігінің есебінен туындаған жағдайда ең көп зардап шегетін - балалар.

Сонымен қатар, мектеп жасындағы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда тегін тамақ аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға ғана беріледі, бұл теңсіздік пен кемсітушілік жағдайын тудырады. Мектеп жасындағы барлық балалар үшін олардың материалдық жағдайына қарамастан тегін тамақ енгізу қажет. Елдің тағдыры олардың тамақтануына, сондай-ақ олардың моральдық жағдайына байланысты болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесілерді ұсынамыз:

1. Балабәкішарлардағы тамақтану үшін ата-ананың ақы төлеу сомасының бір бөлігін субсидиялау арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды қалыпты тамақпен қамтамасыз ету проблемасын шешу мүмкіндігін қарау;

2. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру.

Құрметпен, «Ақ жол»  
фракциясының депутаттары

# АЗАТ ПЕРУАШЕВ БАС ПРОКУРОРМЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен фракция мүшесі Берік Дүйсембинов Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Берік Асылловпен кездесті. Кездесу аясында «Ақ жол» демократиялық партиясының Парламентке көтерілп жүрген бірқатар мәселелері мен Бас прокуратураға жолдаған өтініштері талқыланды.

Мәселен, қаңтар оқиғасы кезінде ұсталғандармен және олардың туыстарымен кездесу қорытындысы бойынша фракция депутаттары жолдаған сауалдарға азаматтардың алдағы тағдырын ашпайтын сараң жауаптар алынды. Естеріңізде болса, Алматы, Алматы облысы, Шымкент, Түркістан облысы, Тараз қалаларындағы тергеу изоляторларына барып, ұсталғандардың туыстарымен кездесу қорытындысы бойынша Мәжіліс депутаттары Азат Перуашев, Қазыбек Иса мен Берік Дүйсембинов прокуратура органдарына оңдаған (бәлкім, жүзге жуық) сауал жолдағанын хабарлаған болатынбыз.

— Біз өз өтініштерімізде күдіктілерді азаптаудан қорғауды, олардың істерінің әділетті қаралуын және құқықтарының толық қорғалуын қамтамасыз етуді сұрадық.

Әсіресе, Президенттің істі ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда жауапкершілікті жеңілдету шараларын ескеру тапсырмасына басымдық бердік. Өз сауалдарымызда прокурорлардың назарын күдіктілер мүддесін ескеретін, тергеушілер ескерусіз қалдырған жайттарға аудардық, соның ішінде, олардың шабуылға ұшыраған адамдарға көмектесуі, жедел жәрдем мен өрт сендіру қызметтерін шақырту, телефон қоңырауларының детализациясын зерттеу, олардың көрсеткен куәгерлерінен жауап алу және т.б. Өкінішке орай, бізге берілген жауаптар жалпылама сипатқа ие болып, келтірген уәждеріміз, тергеу оққылығын ашып көрсеткен тұстар ескерілмеді.

Бас прокурормен әңгіме барысында «Ақ жол» демпартиясы депутаттарының қаңтар оқиғасына қатысты сауалдарын тағы да қарастырып, осы жайттарды ескеруді сұрадым, — деп жазды Азат Перуашев телеграм каналында.

Депутаттың айтуынша, Берік Ноғайұлы



аталған фактілер бойынша прокуратура тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Ол азаптау фактілерін тергеуге қатысты прокуратураның функциялары айтарлықтай шектеулі екенін, біріншіден, жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге өкілетті жерге екі-ші аралап өтті. Соған қарамастан, бұл бағытта барлық күш-жігер жұмсалуда екен.

Ұсталғандардың жеке мәселелері бойынша депутаттардың өтініштеріне берілген жауаптарға қатысты Б.Асыллов олардың жұтандығын тергеу құпиясы және жұмыстың жалғасуымен түсіндірді.

«Ақ жол» төрағасының сөзінше, толығырақ ақпарат беруге болатын жағдайларда Бас прокуратура фракция ескертулерін ескерді.

— Жалпы, ол тәсілдерді ізгілендіруге баса мән беруді қолдайды, оның айтуынша, ауыр қылмыс жасауға қатысты жоқ барлық күдіктілер тергеу әрекеттері аяқталғанға дейін бас бостандығын шектеуге байланысты емес бұлтартпау шараларымен босатылды, — деп жазды Азат Тұрлыбекұлы.

Сонымен қатар, кездесу барысында олигархтардың кірме теміржол желілерін рейдерлік басып алуына қатысты кәсіпкерлердің өтініштеріне байланысты мәселелер қозғалды. Халық қалаулысы мәлім еткендей, экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі үкіметтік комиссияның аясында мұндай жолдардың мемлекет меншігіне қайтарылатыны белгілі болды.

— Алайда, бұл тәсіл тек мемлекеттік



компаниялардан (бірінші кезекте ҚТЖ) ғана емес, сонымен қатар жеке кәсіпорындардың заңды иелерінен де теміржол рельстерінің көп бөлігі тартып алындығын ескермейді.

Осыған орай «Ақ жол» ҚДП фракциясы биылғы жылдың 30 наурызында демонополизация аясында мемлекеттің ғана емес, бұрынғы заңды жеке меншік иелерінің де мүдделерін қорғауды талап етіп, Премьер-Министр мен Бас Прокурорға депутаттық сауал жолдады (<https://akzhol.kz/ru/vak-zhol-trebwet-zashhitit-zakonnyh-sobstvennikov-zh-d-pwtej-podvergshihhsya-rejderstvw/>).

Өкінішке қарай, күні кеше Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінен жауап алдық, онда төраға Серік Жұманғарин тағы да жолдарды тек мемлекет меншігіне қайтару туралы ғана айтып отыр. Сондықтан, олигополиялар тарапынан бұзылған кәсіпкерлердің құқықтарын ескеріп, қалпына келтіруді талап етеміз, — деп жазды «Ақ жол» фракциясының жетекшісі.

Депутаттың жазуынша, Берік Асыллов 2017 жылдан бері «Ақ жол» фракциясы осы мәселені көтеріп, депутаттық сауалдар жолдап келген жауапты тұлғалар рейдерлік басып алуды және өндірістік инфрақұрылымның осы саласын монополияландыруды іс жүзінде жауып, ықпал етті деген пікірімен келісті.

Сондай-ақ, ол теміржол желілерін рейдерлік басып алуға ұшыраған жеке кәсіпорындарды қорғау мәселесін шешуді (мемлекет меншігіне қайтарылғаннан

кейін) келесі сатыда өткізу қажеттігін қолдады.

Сондай-ақ, кездесу барысында, Президент тапсырмасына қарамастан шаруашылық даулар бойынша әлі де қылмыстық жауапкершілікке тартылып жатқан кәсіпкерлердің өтініштері бойынша және сот орындаушыларының жұмысына қатысты бизнес талаптары, т.б. мәселелер талқыланды.

Азат Перуашев Бас Прокурорға азаматтар арызданған кездегі, тіпті заңсыздық пен әділетсіз шешімдердің ең айқын және өрескел істері бойынша прокуратураның әрекетсіздігі мен енжарлығына қатысты сын айтты.

— Парламент депутаттарының өтініштеріне «белгілі бір адамдар тобының» мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша прокуратураның қадағалау өкілеттіктерінің шектеулілігі туралы жауаптар алсақ, Президенттің, болмаса Бас прокурордың тікелей тапсырмасы болса да, оларға азаматтардың қолжетімділігі туралы не айта аламыз? Мен, керісінше, прокуратура негізгі құқық қорғау ұйымы болуы керек деп есептеймін.

Жалпы, азаматтарды, жеке меншікті және кәсіпкерлік қызметті құқықтық қорғауды күшейту қажеттігі туралы түсіністік бар. Біз осындай мәселелер бойынша өзара әрекеттесуге келістік, — деді А.Тұрлыбекұлы.

Сондай-ақ, Мәжіліс депутаттары Бас прокурормен жемқорлар Қазақстаннан шығарған миллиардтарды қайтару мәселесін қызу талқылады.

Бас прокурор «Ақ жол» депутаттары бұл мәселені Парламентте он жыл бойы көтергенін хабардар және оны қолдап отыр. Сол үшін ол осындай әрекеттерді үйлестіруді және жалғастыруды ұсынды.

— Мен өз тарапымнан, «Ақ жол» партиясы офшорға кеткен қаржыны қайтару мәселесін жуырда ғана Еуропа одағы мен Қазақстан Парламентаралық комиссиясы өкілдерімен кездесуде көтергенін, осыған байланысты Еуропарламент пен Қазақстанның ортақ жұмыс тобын құру туралы төртінші рет бастама көтергенімді әңгімеледім (<https://t.me/peruash/5276>). Бас прокуратурамен келешекте де туындаған мәселелерге байланысты кездесіп тұруға уағдаластық, — деп түйіндеді партия басшысы.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТИЕСІЛІ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ АРНАЙЫ ТЕКСЕРІЛСІН

Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов «Ақ жол» демократиялық партиясы парламенттік фракциясының атынан ҚР Бас прокуроры Б.Асыллов пен ҚР Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовке депутаттық сауал жолдап, ЖОО жер телімдеріне қатысты мәселені көтерді. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі депутаттық сауалдың толық мәтінін ұсынады.

«Ақ жол» партиясы өткен жылы Қазақ білімінің қара шаңырағы, қоғамда заңды резонанс тудырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі — Университет) тиесілі жер телімдерінің аумағы белгісіз себептермен азына-бала байланысты Бас прокурор мен Білім министріне сауал жолдаған болатын. Өкінішке орай, еліміздің аймақтарындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының жерлері мен ғимараттарының да талан-таражға түсіп, «тістегеннің ауызында, ұстағанның қолында» кетіп жатқанын ақпарат құралдарынан естіп, қызып жатырмыз. Мысалы, мен өзім оқыған Шығыстағы Сәрсен Аманжолов атындағы университеттің бас ғимаратынан он қадам жерде орналасқан өндірістік шеберхана

бүгінде білімге ешқандай қатысы жоқ караоке-барға айналған.

Алайда, содан бері бір жылдан аса уақыт өтсе де, қанағаттанарлық жауап алған жоқпыз. Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі — Министрлік) өз жауабында Университеттің жер телімінің 0,779 гектарға азайғанын растаған болатын.

Сондай-ақ, Министрлік 2021 жылы аймақтардағы сегіз жоғары оқу орнының қызметін тексеруді жоспарлап отырғанын, оның барысында олардың активтерінің жай-күйі тексеріліп, қорытындылары бойынша ақпарат қосымша ұсынылатын хабарлаған. Алайда, осы уақытқа дейін Министрліктен ешқандай ақпарат келіп түскен жоқ.

Ал Бас Прокуратураның сауалымызға берген жауабында 2012 жылғы 30 қаңтардағы Алматы қаласы әкімінің қаулысына сәйкес Университеттің жалпы көлемі 73,26 гектар жер пайдалану құқығына берілгені және оқу орнының жалпы жер көлемі 1,8 гектарға азайғанын айта келіп, тексеруге бастамашылық ету туралы мәселелер прокуратура органдарына нақты оқу орындары тарапынан заңдылықты бұзушылықтың нақты фактілері туралы мәліметтер түскен кезде қаралатынын баяндаған еді. Сонда бүгінде кей университетке тиесілі жер негіз айыны, оған кім жауапты деген сұраққа өкілетті органдардан мардымды жауап болмай, жұмбақ күйінде қалып отыр.

Мұндай жағдайлар тек Ұлттық университетпен ғана шектеліп жүрген жоқ. Өкінішке орай, жоғарғы оқу орындарының жер телімдерінің жеке меншікке сатылып жатқанын, студент жастар тұратын жатақханалардың азайып жатқаны жасырын емес.



Жоғарыдағыны баяндай келіп, Сіздерге:

— біріншіден, Қазақ Ұлттық университетіне тиесілі жер аумағынан жер учаскелерінің бөлініп шығарылғаны қаншалықты заңды екенін тексеруді;

— екіншіден, еліміздің барлық аймақтарындағы мемлекеттік жоғарғы оқу орындарына тиесілі жер телімдеріне арнайы тексеру жүргізуді;

— үшіншіден, тексеру барысында заңсыздық анықталған

жағдайда, алаяқтарды, қала не Университет басшысы болсын, жалпы кінәлілерді, білім ошақтарын өз пайда көзіне айналдырған тоғышарларды еш мансабы мен лауазымына қарамастан, қатаң жауапкершілікке тартуды талап етеміз және нәтижесін бізге хабарлауларыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары





# АРАЛАС МЕКТЕП - ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖОЙЫЛУЫНА АПАРАДЫ



Қазыбек ИСА,  
ақын, ҚР Парламенті  
Мәжілісі депутаты

Хош, сонымен Білім және ғылым министрлігі жауабымен де таныстық, дер кезінде жауап қайтарғаны үшін рахмет айтамыз. Иә, әдеттегідей, «Өгізді де өлтірмеген, арбаны да сындырмаған» жауап екен. Ал Алматы облысы әкімдігінен әлі жауап жоқ...

Ал министрлік жауабын біз арқылы білгеннен кейін (өзіне әлі жауап жетпеген) тағы да хабарласқан, қазақ мектептерінің жағдайы үшін қайрат көрсетіп, жүгіріп жүрген ұстаз Сәния Нүсіпәлінің жазуына, Талғардағы Т. Рысқұлов атындағы №9 мектептің жағдайы өте нашар.

Ал мәселені көтергенімізге жарты жыл болды. Талғар ауданының жоғары тау баурайына салынған, ең соңғы технологиямен жабдықталған мектепті қазақ мектебіне бермей отыр. Біздің оқушыларымыздың құқығын кім қорғайды?

Кенес одағынан қалған ескі ғимаратта оқып жатқан балалардың болашағына кім жауап береді? – дейді ол.

-1200 оқушыны жинау ешқандай қиын емес! Егер №9 мектепке берілсе, қазірдің өзінде бізде 800-ге жуық оқушының арызы жиналып тұр. Ал мектеп ашылса, жан-жағындағы алыстағы аралас мектептерге қатынап жүрген оқушылар көп, толып кетер еді.

Қиналып отырғанымыз – мектепті аралас мектеп етіп ашпақшы болған басшылардың бізге оқушы жинауға кедергі жасауы. Алматы облыстық мәслихаттың хатшысы Жанболат Жөргембаев «Ешқандай Қазақ мектебі ашылмайды, аралас мектеп болады! Мектепке оқушы қабылдау туралы хабарламаны таратуы тоқтатындар!» – дегенін қалай түсінуге болады? Мемлекеттің қаржысына салынған мектеп құрылысы неліктен, жеке

тұлғалардың бас пайдасына, мансабына қатысты жұмыс істеуі керек?

Жалпы басшы болу үшін, өз білгендерін істеп жатыр. Қандай мектепте, қандай оқушылар қиналып отырғаны зерттелген жоқ. Аралас мектептер үш ауысымда оқиды деп өтірік мәлімет берілді. Көзбен көріп отырмыз, ешқандай үш ауысым жоқ. Ол аралас мектептердің орыс сыныптарында түгелге жуық қазақ балалары оқып жатыр.

Осынша өтірікке құрап, аралас мектеп ашпақшы болған адамдардың пияғылы нені түсіндіреді? – дейді шындық іздеп шырылдаған Сәния Нүсіпәлі.

Иә, Алматы облысы мен Талғар ауданы басшылығының ұстанған саясаты ескі ғимараттардағы қазақ мектептерінің жағдайын жасау емес, аралас мектептерді көбейту болып отырғаны көңілге кірбің түсіреді! Аралас мектеп болғанда қазақ сыныптарының тынысы тарылатыны, ұлттық тәрбиеге нұқсан келіп, басқару орыс тілді мектептің тілімен жүретіні Кенес одағы кезін айтпағанда, кейінгі 30 жылда да әбден айқындалған жәйт.

Тіпті, 1925 жылы, осыдан бір ғасырдай бұрын Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өзі: «Аралас мектептің санын арттыру – бұл ұлттық рухты жоюдың бірден-бір жолы!» – деп, дабыл қалған болатын.

Тіл атасы, Әліпбидің авторы сонымен бірге қазіргі қаншама миллиардтарды шашып, бірақ бір де бір нәтижесі болмаған «үш тілділікке» де, ескіден келе жатқан екі тілділікке де қарсылығын сол кезде-ақ ескерткен екен. «Бастауыш мектепке баратын әрбір бала тек өзінің ана тілінде ғана білім алуы керек» – деп айқын мәлімдеген.

100 жылдан бері Ұлт ұстазының ескертулерін ескермей, естімей келе жатқанымыздың зардабын өмірден күнде көріп жатырмыз қазір. Сонда, Талғарда жаңа салынған мектепте қазақ мектебінің ашылуына қарсы болып отырғандардың хатшысы, «Аманат» партиясының мүшесі Жанболат Жөргембаев ата-баба Аманатына қарсы шығып отыр ма?

Талғарда талайдан бері сөз болып келе жатқан бұл мәселе туралы Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Талғар ауданының «Қазақ тілі» қоғамы төрағасы, ҚР Мәдениет қайраткері Камнұр Тәлімұлының «Қазақ үні» газетінің №4 санында (2022 жыл 27 қаңтар) «Қазақстанға

аралас мектептің не қажеті бар?» деген арнайы сараптама мақаласы шығып, әлеуметтік желіде үлкен талқылауға ұласқан болатын.

Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің №7 санында (18 ақпан, 2022 жыл) тіл жанашыры Бекзәкір Құралбаевтың «Алматы дубәралардың ордасына айналды. Аралас мектептерді жабу керек» деген көлемді сұхбаты жарық көрген болатын. Осы сұхбаттан кейін де қоғамдық ортада қызу пікір қалыптасты. Еліміздегі зиялы қауым өкілдері үн қосып, аралас мектептерден білім алатын оқушылардың дені орыстілді, бөгде рухты болып өсетінін айтып, дабыл қакты.

Айталық, Алматы қаласында мемлекеттік мектептердің саны 207 болса, соның 70-і қазақ, 64-і орыс, 3-і ұйғыр, ал 70-і аралас мектеп екен. Бұл жерде аралас мектептердің дені орыстілді ұрпақ тәрбиелеп шығаратынын ескерсек, мәселенің қаншалықты күрделі екені белгілі болады. Мұнан сырты, 60-тан астам жекеменшік білім ордалары жұмыс істейді. Олар да аралас мектептердің санын арттырып отыр.

Ал елордада 99 мемлекеттік мектептің 35-і қазақ, 56-сы аралас, 8-і орыс мектебі екен. Еліміздің бас қаласында 50 жекеменшік мектеп бар. Елордада қазақ тілінде оқитын оқушылар саны – 114 442 (54,8%), орыс тілінде оқитын оқушылар саны – 93 312 (44,7%). Ал орыс тілінде білім алатын ұлты қазақ балалар 62 398 (63%). Демек, аралас мектептердегі орыс сыныптарының негізгі бөлігін қазақ балалары құрап отыр. Елордадағы бірінші сыныпқа барған оқушылардың 52 пайызы қазақша, 48 пайызы орысша оқиды.

Еліміздегі ең үлкен екі астанадағы қысқаша статистикалық мәліметтерден ақ, аралас мектептердің мемлекеттік тілді дамытуға қаншалықты кесірі тиіп отырғанын бағамдауға болады.

Яғни, түйткілі көп, шешуін күтіп тұрған өте өзекті мәселелер жеткілікті.

Сондықтан да, 12.00-де Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында ҚР Мәжіліс депутаты, зиялы қауым өкілдері, тіл саласының мамандары, педагогтар, қоғам белсенділері мен журналистердің қатысуымен «Аралас мектеп қазақты қайда апарарды?!» атты дөңгелек үстел өтеді.

Қазақ мектебінің болашағы, жалпы ұлттық білім мен тәрбие мәселесі аландатқан ағайынды осында күтеміз.

## КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ТАЛАП ЕТУІМІЗ КЕРЕК!

Менің «Аманат» деп аталатын өнер мектебім Өзтүрік атындағы Алматының орталық көшесінде орналасқан. Сол жерде өзге ұлт өкілдері көптеп тұратындықтан қазір менің мектебімде әр түрлі ұлттың өкілдері музыкадан білім алады. (Оқу тегін!)

Сол балаларға вокалдан екі тілді жақсы меңгерген жас мұғалім беретін. Ол кететін болып орнына орыс қызы сабақ беруге келді. Мен әрине, қазақ тілін білесің бе деп сұрадым. Ол білмейтінін айтты. Мектептегі қазақ тілінің қандай екенін білмедім, консерваторияның I курсына Қазақ тілі пәні бір жыл бойы жүреді. Сонда Қазақстанда тұрып, қазақ тілін мемлекет есебінен тегін оқып жүріп, бұлар ең болмаса ауыз екі тілді үйренбеуі қалай?

Вокалдан сабақ беретін қызды ата-аналарға таныстырдым. Маған бір ата-ана жекеме шығып, қарсылығын білдірді. «Балаларымыз онсыз да орысша сайрап жүр. Қазақ боламыз ба, десек, мұнының қалай?» деді. Дұрыс! Ол кісінің талабы орынды.

Мен енді екі тілде еркін сөйлей алатын оқушы алуыма тура келді. Себебі, бір топта бірнеше ұлттың балалары оқиды. Мектебімді қып-қызыл өзге ағайындар тұратын жерден әдейі алған едім.

Тіпті, ана тілін білмейтін кішкентай қара көз балапандар домбыра тартып, ән салып жүр. Мұнымен не айтқым келді?

Ең бірінші, тілдің мәртебесін көтеру өзімізге байланысты. Қазақстанның кез келген азаматынан мемлекеттік тілде сөйлеуді талап ете білсек, мәселе шешілер еді.

Екінші, оқу орындарындағы Қазақ тілі пәніне ерекше мән беру керек! Меніңше, оның бәрі формалды түрде өтіледі.

Үшінші, мемлекеттік тілді білмейтін маманды жұмысқа алатын кезде 3 ай немесе 6 ай сынақпен алу керек. Сол уақыт аралығында мемлекеттік тілді үйрене алмаса, орынды босатын.

Керек адам кез келген тілді 6 ай ішінде ауыз екі сөйлеу деңгейінде үйрене алады. Тіпті қытай тілінде де сөйлеп кетуге болады.

Сәуле ЖАНПЕЙІС

## ӘКІМНІҢ ДЕ ӘКІМІ БАР!

Әдетте біз қандай да бір әкім-қараның аты атала қалса, жирылып шыға келеміз. Жиырылып шыға келуімізге себеп тудыратын іс-әрекеттері мен кісіліктері көп болған сон да сөйтетін шығармыз... Бірақ, әкімнің де әкімі бар. Мысалы, Бердібек Мәшбекұлы... Ұзақ жыл мемлекеттік түрлі деңгейдегі лауазымды қызметтерді атқарған Бердібек Мәшбекұлының қызметтерінің бірі – Ұлт және игілікті істердің басынан көрініп жүрді. Ұлтжанды, халықшыл азамат екенін әркез әйгілеумен болды.

Шығыс Қазақстан облысына әкім болып барғанында асқақ Алтай тауларының қалаға жақын бір асуына «Қазақстан» деп жазып, көк туымызды тіктеген осы кісі. Туды құлапқақ болған қаскүнем вандалдарды тұрып, әкімшілік ескерткішін алдында серейіп тұрған Лениннің ғимаратының қалдығына Абайдың алып ескерткішін тұрғызған да Бекен. Сол кезде оңтүстік өңірлерде тұрғызылған елді шығысқа шақырып, жер беріп, үлкен істі үнсіз бастап берген де Бердібек Мәшбекұлы. Оған дейін Шығысымыздағы шекаралық аймақты қымтап ұстау, халықтың қарасын молайтып, елдімекендердің әлеуетін арттыру деген ой ешкімнің миына кіріп шықпаған болатын.

Ақтөбе облысына әкім болып тағайындалғанында, қазақ жұмысшыларына қытайдың әнұранын айтқызып құтырған СНПС «Ақтөбе мұнайгаздың» ханзу басшыларын шақырып алып: «Қазақстанда мемлекеттік тіл қай тіл, білесіңдер ме?» – деп өткір сұрақ қойған да Бердібек Сапарбаев.

«Туған жерге туың тік» акциясының бастап берген де Сапарбаев. Бердібек Мәшбекұлының республикалық деңгейде көтерген бастама күйін республикалық сипат алып жатты. Өз басын Бекенді халықшыл, бұқарашыл, мемлекетшіл тұлға деп білемін.

Бүгінге дейін бұл кісімен жүзбе-жүз бір-ақ рет жолығыппын. Қайбір жылы ШҚО-да жазғұтырым қар еріп, сел басқанда, Ерлан Саиров екеуіміз елдің жағдайын көріп-білейік деп, Өскемен барғанымызда, кәдімгідей қуанып қалғаны бар.

Иә, ол да ескі жүйеге қызмет етті. Бірақ өзінше, өзгеше қызмет етті!

Дәурен ҚҰАТ







